



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

учителя. Сегодня современный педагог, работает с молодым поколением, готовит его к жизни в новом обществе, значит, сам должен идти в ногу со временем. Степень успешности педагогов в освоении новых технологий и методик зависит в большей степени от преданности профессии, стремления к познанию нового, заинтересованность в самообразовании.

Список литературы:

1. Блинов В.И., Сергеев И.С., Есенина Е.Ю. Педагогическая концепция цифрового профессионального образования и обучения: монография. Москва: Издательский дом «Дело», РАНХиГС, 2020 г. 112 с.

ОӘЖ 37.013

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ–КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Альмурзина Гульсара Сейтжановна
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
E-mail: gulsara_almurzina@mail.ru
Тулбаева Айнұра Ибрагимовна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
E-mail: ainura_kai@mail.ru

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жітіқара ауданы білім бөлімінің №12
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілі сабағында компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екендігі туралы айтылады. Еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа кешенді ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Түйінді сөздер: ақпараттық технология, білім беру, сабақ, технология, мүмкіндік, тиімділік.

Аннотация

В статье говорится о том, что обучение компьютерному обучению на уроках казахского языка – одна из актуальных проблем сегодняшнего дня. Во всех видах национальной системы образования страны замена традиционных технологий на новые эффективные комплексные технологии информатизации, их сопровождение и развитие.

Ключевые слова: информационные технологии, образование, уроки, технологии, возможности, эффективность.

Abstract

The article tells about how to learn how to drive a computer with power in Kazakh language lessons – one of the most pressing problems today. In all types of the national education system of the country, it is the replacement of conventional technologies with effective new complex informatization technologies, their maintenance and development.

Key words: Information Technology, education, lesson, technology, opportunity, efficiency.

Білім саласындағы жаңа технологияларды қолданып, сабақты қызықты, түсінікті өткізу – кез келген мұғалімнің міндеті. Жобалау технологиясы, ақпараттық технологиялар, ынтымақтастықта оқыту технологиялар, оқушылардың қабілеттерін, білімі мен сабаққа деген зеректіктерін ескере отырып, оқытудың түрлі әдіс–тәсілдері арқылы іске асыруға көмектеседі.

Педагогикалық технологиялардың мақсаты – оқыту үрдісінің тиімділігін көтеру, оқытуда бағдарланған нәтижелерге жетудің кепілі болып табылады [1, б. 20].

Бүгінгі оқушылардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар–өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя біледі. Олай болса, бұл қоғам кез келген педагогтен өз пәнінің терең білгірі ғана болуды емес, теориялық, нормативтік–құқықтық, психологиялық–педагогикалық, дидактикалық, әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан–жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

Қазақ тілі пәнін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың коммуникативтік мәдениетін дамыту және қалыптастыру болса, мұғалім өз жұмысында әрбір оқушыға тілді тәжірибеде меңгеруіне жағдай жасау керек. Оқыту үрдісінің тиімділігі үшін әр түрлі технологиялар қолданып жүр, соның ішінде қазақ тілін оқытудағы ақпараттық технологияға тоқталғым келеді.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса қазақ тілі сабағында компьютердің қуатта-нуымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа кешенді ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады [3, б. 23].

Оқушыларды жалықтырып жібермеу үшін қызықтыратын әдістерді пайдаланған тиімді және ғылым мен техниканың жылдан-жылға жедел қарқынмен дамуына байланысты оқушыларға дәріс беруде ақпаратты технологияны қолдану болады. Ақпараттық құралдардың ішінде электронды оқулықтардың рөлі ерекше. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Оқытудың компьютерлік технологиясы, оның ішінде мультимедиа оқытуы белсенді орында тұр. Электронды оқулықтардың қазақ тілі сабағында қолдану оқушылардың өздігінен білім алуларына, ізденімпаздыққа, ойларын тиянақты жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Сөз таптары» тақырыбын өткенде, экрандағы Word бағдарламасында кластер немесе сызба түрінде жұмыстар орындай алады, ал лексикалық тақырып бойынша Қазақстанның астаналары» тақырыбында Power Point бағдарламасында презентация құруға болады.

Егер техникалық оқу-құралдарын пайдалансақ, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, көру арқылы есте сақтайды. Құрғақ сөзден гөрі, диафильм көрсетіліп, күйтабақ тыңдалса сабақ тартымды әрі қызық өтеді. Сонымен қатар, заман талабына сай, теория мен тәжірибе қатар жүргізіледі.

Ақпараттық технология оқушыларға тақырып көлемінде толық мәлімет беруге, басқа оқу орын-дарымен әдістемемен алмасуға және оқыту жүйесін көп деңгейлі жетілдіру, оқу материалдарының сапасын арттыруға көмектеседі.

Интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ жүргізу берілетін білімнің сапасын ғана арттырып қоймай, оқушылардың әр сабаққа деген қызығушылығын тудырып, ынта-ықыласын (мотивациясын) жақсартады, әрбір оқушыны ұжымдық жұмысқа тартуға көмектеседі, жеке, әлеуметтік соның ішінде шығармашылық дағдыларды дамытады. Компьютермен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс танымдық және қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызығушылықты арттырады, тіл мен әдебиет материалдарын өз бетімен меңгеруге септігін тигізеді.

Ақпараттық технология сабақты түрлендірудің, ерекшелендірудің, дараландырудың тәсілі ғана емес, сонымен қатар сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда – оқушы өзін белсенді және еркін, мұғаліммен тең дәрежеде ұстай алады. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың беленділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, оқушының өздік жұмысының көлемін көбейтуге болады. Сондықтан сабақта ақпараттық және коммуникативтік технологияны кеңінен пайдалану үйреншікті, қалыпты жағдай ретінде қарастырылғаны жөн. Бүгінгі күні кез келген мұғалім қазақ тілі пәні болсын, басқа пәндер болсын ақпараттық және коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы әр түрлі сабақтарға әзірлемелер дайындап және оны жоғары деңгейде өткізе білсе, сабақтың тартымды әрі қызық болатыны анық. Мұндай сабақтар оқушыларды басқа әлемге, ақпараттар әлеміне тарту арқылы сол әлемді өз көзімен көруге, көргенін сыныптастарына жеткізу барысында тіл дамыту мүмкіндігіне ие болады [5, б. 9].

Егемен еліміздің болашағы – бүгінгі оқушылар. Оларды заман талабына сай жан-жақты, білімді, өз бетімен білуге талпынатын, өзінің көзқарасы бар етіп тәрбиелеу үшін сабақ түрлері әдістемесін жетілдіру және оларды пайдалану-бүгінгі күннің талабы. Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен тәжірибе түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңаланған жолмен XXI ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Сонымен, мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушы жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Бұл ақпараттық құзырлықты, ұйымдастырушылық қабілетті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зергтеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын-талап етеді.

«Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп атап көрсетілгендей қазіргі кездегі білім беру жүйесі әлемдік өркениет көшіне сай, жан-жақты ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технология білім беру жүйесін ақпараттандыруға, білім сапасын арттыруына, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге, электрондық есептеуіш техникамен жұмыс істеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды қолдануға, интернет желісін пайдалануға, телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан білім беру –міндет [5, б. 14].

Білім болашақ бағдары, барлық маман даярлайтын оқу орындарының басты міндеттерінің жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту. Құзыреттілік оқушының жеке талаптарын қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік-оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік –бұл жеке тұлғаның әр түрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны қолдану және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзыреттіліктері білім берудің жаңа нәтижелері. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша меңгерген білім, білігінің жинағы ретінде қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана білу қабілеті болып табылады. Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет.

Ақпараттық мәдениет негіздері мектептен бастау алатыны сөзсіз, сондықтан әрбір жаңашыл мұғалім сабақта ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалана білуі қажет.

Қазіргі заман талабына сай азаматтардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа түсіп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның талабы-оқушыларға ақпараттық беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болы өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника базасында ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [6, б. 11].

Қазіргі кезде ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білудің оқыту әдісіне, түріне, мазмұнына ықпалы айқын, сондықтан ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану тиімді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ құралдарын пайдаланудағы басты мақсат –мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңалықтарды қолданудағы ізденісі мен сабақты техникалық құралдармен жабдықтау. Ал оқушылар жаңалықтарды қабылдауға, заман ағымына қарай икемделуге дайын. Компьютер мен телекоммуникация жабдықтары білім алумен қатар, ойын ойнау, демалу, саналы сауығу үшін қажетті де қалыпты жағдайға айналып отыр.

Қазіргі мұғалімнің ақпаратты іздеу, саралау, сақтау, жинақтау, жүйелеу, өңдеу жұмыстарын қамтамасыз ететін бағдарламалық, техникалық құрал-жабдықтар бар, сонымен қатар компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарында жұмыс мүмкіндігі қарастырылған. Мұғалім қазіргі заманда маңызды біліктіліктің бірі болып саналатын әр түрлі ақпарат түрлерін пайдалану үшін оқыту құралы мен оқушы арасындағы кері байланысты шұғыл қамтамасыз етуде бағытталған мектеп оқушыларын дифференциалды оқытуды көздейді. Қазіргі мектептерде компьютерлік техниканы сабақ барысында, сыныптан тыс шараларды, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қолдану үшін барлық жағдайлар жасалған. АКТ құралдарын оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде пайдалануға болады: жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, бақылау. Бағдарламалар мен оқулықтар, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, хрестоматиялар, интерактивтік жабдықтар және т.б. мұғалімнің ғана емес, оқушының да сабаққа дайындығы барысында пайдаланатын ақпарат көздері. Мультимедиа мүмкіндіктері сабақтарды тартымды, мазмұнды, есте сақтауға жеңіл болуына ықпал етеді.

Интерактивті тақтаны қолдану кең мүмкіндіктерге жол ашады. Проблемалық, иллюстративті-түсіндіру, ізденіс оқыту әдістері сәтті іске асырылады. Оқу материалын қабылдау белсенділігі артады, пәнге деген қызығушылық байқалады, сабақты тартымды сәттері берілген материалды толық меңгертіп, ол жөнінде түсінігін арттырады. Құрастырға материалдарды өзгерту, қайталап қолдану, сақтау мүмкіндігі мұғалімнің жұмысындағы таптырмайтын көмек. Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде қолданылған көрнекі материал оқушының берілген ақпаратты толығымен есте сақтауына көмектеседі.

Оқыту үдерісіндегі ақпараттық технологиялар оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін зерттеушілік қабілеттерін дамытуға септігін тигізіп, танымдық белсенділікті арттырады, шығармашылыққа жетелейді, талдау, жүйелеу қабілеттерін дамытып, жеке немесе топтық жоба жазу барысында алған білімдерін қолдануға, сондай-ақ қарам-қатынас мәдениеті, бірлесіп атқарған қызметте әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындау дағдыларын қалыптастырады. Жаңа ақпараттық технологияны меңгерген оқушы өздігінен ізденеді, қажетті ақпаратты өңдеп, талдай алады, талқыға салып, тарата алады. Осының бәрі өмірде кездесетін жағымсыз жағдайларды және білу дағдылары мен жетістікке жету үшін қажетті факторлар. Ақпараттық технологиялар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама материалдарын меңгеру және оларды жеткізу түрлерінің әр түрлі формаларын қарастырады. Білім беру, дамыту және тәрбие потенциалын қамтиды. Жаңа технологияларды қолдану бәсекеге қабілетті азаматтарды дайындау барысында мектеп алдында тұрған қазіргі талаптарға жауап беруге мүмкіндік береді. Білім беру технологиялары, оның ішінде ақпаратты-информациялық технологиялар мектеп түлектерінің болашақта өмірге бейімделу негіздерін қалыптастырады.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әр түрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманықайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды оқушының флеш–карталарына салып беру өте тиімді. [2, б. 115].

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің тиімділігі:

- Бағдарлама бойынша барлық оқушыларға қолайлы;
- Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны сынып оқушылары арасында талқылауға, қателерін дер кезінде маркер арқылы жөндеуге мүмкіндік туғызады;
- Интерактивті тақта сыныптағы барлық оқушылардың назарына айналуына байланысты орталықтан демонстрациялауға қолайлы жаңдай туғызады;
- Мұғалімнің де, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады.

Қорыта келгенде, заманауи технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тіреге де, түп қызығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу–тәрбие үдерісін тиісті деңгейге көтеру педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

«Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші, оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі тұлға етіп дайындау – мектептің басты мақсаттарының бірі. Мақсатқа жетер жолда аянбаған ғана нәтижеге қол жеткізеді [2, б. 18].

Білім беруді ақпараттандыру – жана технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны, яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Ақпараттық–коммуникативтік технология ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық–коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан–жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық–коммуникативтік технология құралдары оқушыларға жаңа ақпарат көздеріне жол ашады, жеке жұмыс пен білім алудың нәтижелілігін, тиімділігін көтереді, кәсіби дағдыларды қабылдау және бекіту үшін мүмкіндіктер береді, қашықтықтан оқитудың жаңа түрлері мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер ұсынады. [3, б. 79].

Ақпараттық–коммуникативтік технология – мұғалім жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу үрдісін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі болып табылады. Ақпараттық–коммуникативтік технологияны қазақ тілі сабақтарына енгізу жаңа бағыттағы мақсаттар қойылды: Қазақ тілі пані бойынша оқу–әдістемелік электронды кешендер құру; жалпы компьютерлік желілерді пайдалану; инновациялық әдістерді пайдалану, құралдар жасау; қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Іс–тәжірибеде ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушы–лардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс–шараларды қолданудың маңызы зор екенін байқадық. Оқушының дайындық деңгейін ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқуы үрдісіне пайдалану. Оқытудың жаңа әдістері мен түрлерін (проблемалық, ұйымдастырушылық іс–әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.) сабақта жиі қолдану. Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру. Жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық–техникалық базасын жетілдіру.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін–өзі толықтыратын, барлық қатысушы–лардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үрдісіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру болып табылады. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен білім алушы мен мұғалімнің қарым–қатынасы тікелей жүзеге асатына сұхбаттасып оқыту болып табылады [6, б. 21]. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін–ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым–қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеушінің басым болуы жағдайын

болдырмайды. Сұхбаттасып оқыту барысында оқушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды. [6, б. 87].

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Интерактивті тақта–топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл мұғалім жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Мұғалімдер өздерінің жана ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада мұғалімдермен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысу. Оқушылардың өздігінен танып–білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеу. Ол үшін оқытудың интерактивті әдіс–тәсілдерін сабақта қолдану. Олар: жеке шығармашылық тапсырмалар, тірек–сызба, көрнекіліктер және анықтама құралдары, ойын арқылы оқыту, сөзжұмбақ, бейнесөздер, логикалық тапсырмалар мен деңгейлік жаттығулар, тестілеу және бақылау.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу үдерісінің қандай да бір қатысушысын немесе идеяны ерекшеленуді шектейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. А., 2002 ж.
2. Сұрауымбетова Р. «Білім беру деңгейін көтеруге ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың рөлі»
3. Элмухамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуы»
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №3, 2004 ж.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №6, 2009 ж.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №4, 2011 ж.

ОӘЖ 34

«ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША – «STREET LAW» (КӨШЕ ЗАҢЫ) БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Анасова Айнаш Бектурсыновна
тарих магистрі
Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚПИ
E-mail: anasova_ainash@mail.ru
Мирамова Жумабике Жумабековна
тарих пәнінің мұғалімі
№15 жалпы білім беретін мектебі
E-mail: zhuma_miramova@mail.kz
Қостанай қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Берілген мақаланың өзектілігі қазіргі жағдайда жастардың құқықтық білімі мен тәрбиесі өте маңызды болды. Сонымен қатар, барлық мектептерде Заңның мектеп курсы бола бермейді және әр оқушы өзіне таныс құқықтардың мағынасын түсіндіре алмайды, сонымен қатар жолдастарының, мұғалімдердің, ата-аналардың алдында туындайтын басқа құқықтар мен міндеттердің мағынасын әрдайым түсіне бермейді. Street Law жобасы материалды құрғақ заңды тілде ұсыну проблемаларын болдырмайды, сонымен қатар оқушыларға құқықтық салада не бар екенін түсінуге көмектеседі. Мақсаты: «Street Law» (көше заңы) негізгі мақсаты –